



Жуырда Мақтарал аудандық «Жастар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Жас Отан» жастар канатының ұйымдастыруымен «Нұр Отан» партиясының мәжіліс залында Елбасымыз Н.Назарбаевтың Жолдауына арналған **«Елбасының Жолдауы – дамудың данғыл жолы»**

атты аудан жастарының арасында талқылау және түсіндіру жөніндегі дөнгелек үстел болып өтті. Жана Жолдау

«Қазақстан жана жаңандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму»

атауымен Қазақстан халқына жол тартты. Елбасының баршамызға үлкен жауапкершілік жүктейтін, келешекке бағыт – бағдар беретін негізгі құжатты жастардың арасында кенінен насихаттауға бағытталған мәжіліске қала кенттер мен ауылдық округтерінің жас мемлекеттік қызметшілері мен белсенді жастары және «Жас Отан» Жастар канаты, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жастар ісі жөніндегі комитет төрағалары қатысты. Мәжіліске «Жастар орталығының» директоры М.Бейсенбаев төрағалық етті. Аталған жиында «Сырдария» университетінің профессоры Н.Қадырбаев, «Асықата» ЖОМ тарих пәнінің мұғалімі Ө.Сарыбаев, Г.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің 2 курс студенті А.Маханбет, Жетісай медициналық колледжінің студенті М.Түрганбек баяндама жасады. Мемлекет басшысының Жолдауы жастар арасында жан-жақты талқыланып, кен қолдау тапты.

Сонымен қатар, мәжілісте Елбасының Жолдауын жүзеге асырудан туындаған Жастар орталығының іс-шаралар жоспары таныстырылып, оған қатысты жастардан түскен ұсыныс-пікірлер сарапқа салынды, ұтымды ұсыныстар аталған жоспарға енгізілетіндігі айтылды. Мәжілісті қорытындылаған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы П.Есенбеков Елбасы Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттер мен мақсаттарды іске асыруға өз үлесімізді қосып, мәдениетімізді, тарихи мұраларымыз бен тілімізді сақтап, Тәуелсіз еліміздің қарқынды даму жолында аянбай еңбек етуге шақырды.

Гүлнұр Сұлтанова

Мақтарал аудандық «Жастар орталығы» КММ қызметкері